

**Ақтөбе облысы Ойыл ауданы «Қараой мектеп-балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім мен тәрбие беру жағдайын өзін-өзі
бағалауының қорытынды**

АНЫҚТАМАСЫ

Бағалау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында Мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдедегі бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Б.Күзембаеваның «Ақтөбе облысы бойынша 2022жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімі» 10.11.2021жылғы бұйрығы

Өзін өзі бағалау комиссиясының тізімі

1	Майканов Абзал Сансызбайұлы	Мектеп директоры
2	Жарбакиева Гульжан Сагинбековна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Тіржанова Нұршат Айдарбайқызы	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары м.а
4	Кумарова Айнур Султаналиевна	Комиссия мүшесі
5	Таттигалиева Айшат Жалғасбаевна	Комиссия мүшесі

1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған **жұмыс жоспарларымен** анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

2017-2018 оқу жылында

Мақсаты– өзара тәуелділік әлемде оқушылардың бейімдеушілік қабілетінің өзара байланыстылығын дайындау және оқыту – тәрбиелеу процесі барысында оқушылардың өздігінен жүзеге асыруына жағдай жасау, күзиреттілік жолын дамыту.

Міндеттері:

-Мектеп жүйесінің дамытып тәрбиелеу тақырыбы бойынша, «Оқушының тұлғалық мақсаттарының қалыптасуы арқылы адамгершілікті – шығармашылықты - әлеуметтендіруді дамыту»

-Оқу және еңбек қарым – қатынасында адал ниетті қалыптастыру. Оқушылардың тұлғааралық қатынастарындағы төзімділікті қалыптастыру, өздігінен білім алу және жан – жақты шығармашылық қабілетілігін дамыту. Жеке тұлғалықты, зияткерлікті, адамгершілікті, және руханилықты оқушыларда дамытуға жағдай жасау.

-Азаматтық – отандық сезімдерді қалыптастыру, өз елінің тарихын және мәдениетін құрметтеу,қазақ тілін,тарихын, қазақ халқының мәдениетін оқыту мысалында шыдамшылық мінез –құлқын тәрбиелеу. Жалпы адамгершілік ережесін , мәдениетін,рухани байлықтың сұранысын қалыптастыру,әр оқушының шығармашылық құдіретін дамыту және әртүрлі сала қызметтерде жүзеге асырылуы.

-Оқушылық өзін – өзі басқарудың тиімділік нысанасын дамыту. Оқушылардың әлеуметтік белсенділігінің жоғарлауы,олардың өз беттілігін және жауапкершіліктің

балалар өмірінің жұптық және социумдарын ұйымдастыру. Қоғамдық және адамгершілік қарым –қатынастар,маңызды өмірлік мәселелері бойынша қоғамдық пікірді қалыптастыру.

-Дені сау өмірлік бейнесін тәрбиелеу жұмысын жетілдіру. Дені сау өмірлік сұранысын қалыптастыру.

-Әлеуметтік – психологиялық көмекті оқушыларға жеделдету

-Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзышулық шараларын алдын алу.

Нәтижесінде: 1,2,5,7 сыныптардың жаңартылған мазмұнда білім алуына байланысты жылдың басында мектеп үйлестірушісі Жарбакиева Гульжан Сагинбековна «Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау» тақырыбында оқыту семинарын, мектеп тренері орыс тілі пәні мұғалімі Г.Ж.Абдрамова «Сын тұрғысынан ойлаудың мәні, жаңа әдіс тәсілдері» тақырыбында семинар-коучинг өткізді.

Оқу жылында дарынды балалармен жоспарға сәйкес балалардың шығармашылық, өнерге, эстетикалық бейіміне байланысты жұмыстар жүргізілді. Атап айтатын болсақ Республикалық «Ақберен» облыстық кезеңінде мақтау қағазын 1 оқушы иеленді. Көркемсөз оқудан «І.Жансүгіров оқулары» атты байқауда 1 оқушы аудандық деңгейде I орынды иеленді. «Елбасы мұраты-ел бақыты» көркемсөз оқулары байқауында 2 оқушы қатысып, I орынмен марапатталды.

2018-2019 оқу жылының мақсаты: Оқу-тәрбие үрдісінде жаңа педагогикалық технологиялардың әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана отырып,білім сапасын арттыру және жан жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру

Міндеттері

-Ұжымға шығармашылық жағдай туғызу арқылы жеке оқушының рухани жаңаруына мүмкіндік жасау

-Ақыл-оймен ұлттық сана сезімі жоғары жеке тұлға тәрбиелеу

-Ақпараттық технологияларды жетік меңгеру арқылы дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту

-Мұғалім дердің құзіреттілігін және оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру

-Мектепшілік бақылауды жүйелі жүргізу арқылы нәтижеге бағыттай отырып оқыту принципін толық жүзеге асыру

Жыл бойы жүргізілген жұмыстар алға қойған мақсатқа бағытталды. Соның ішінде жас мамандарға әртүрлі практикумдар сұхбаттар, дөңгелек үстелдер мен сайыстар ұйымдастырылды. Пән мұғалімдері аудан, облыс бойынша іс-тәжірибе тарату мақсатында әдістемелік құралдар, электронды орталар құрастырды. Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында сабақтарда сыни тұрғысынан ойлау технологияларын кеңінен пайдаланды.

2019-2020 оқу жылы

Мақсаты: Оқу және тәрбие үрдісінде білім алушыларды білім беру ресурстары мен технологияларына бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Міндеттері:

-Мемлекеттік стандарт талаптарын жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқытудың сапасын арттыру және мектептің оқу-тәрбие процесін жоғары сапалы деңгейге көтеру; 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында оқу-процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты білім беру қызметін ұйымдастыруда басшылыққа алу;

-Оқу процесінде жаңа педагогикалық технологияны зерделеу және қолдану мақсатында деңгейлік бағдарлама бойынша оқыған педагогтардың белсенділігін арттыру;

-Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар мен қорытынды аттестациялауға дайындық барысында қолдану;

-Мұғалімдердің педагогикалық біліктілік құзіреттілігін жетілдіру жұмыстарын одан әрі жалғастыру, жас мамандардың кәсіби тұлғасын қалыптастыруда педагогикалық жаңа, озық технологияларды тәжірибеге енгізуді дамыту;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін оқушылар мен ата-аналарға кеңінен түсіндіре отырып, критериялды. Оқу жылында бейінді білім алуға бағытталған жұмыстар тамыз айынан бастап жүргізілді. 9-сыныпты бітіріп, 10-сыныпқа келетін оқушылардан сауалнамалар алынып, нәтижесінде оқу жоспарының тереңдетілген деңгейі бойынша физика мен биология пәндерін, стандартты деңгей бойынша құқық негіздері пәнін таңдады. Жылдық жоспарға сәйкес ашық сабақтар, апталықтар, сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылып отырды. Математика пәнінен «Математика-патшалығына саяхат», химия пәнінен «Жаратылыс-сыры ғылымда» тақырыбындағы апталықтар жоғары деңгейде өткізілді. Сонымен қатар, оқушылар түрлі интернет олимпиадалар мен интеллектуалды сайыстарға қатыстырылды. «Ақбота» интеллектуалды сайысына математика, жаратылыстану пәндерінен 6 оқушы қатысып, жүлделі I, II, III орынды иеленді. «Кенгуру» интеллектуалды сайысына 3 оқушы жүлделі I орынды иеленсе, 3 оқушы II орынға ие болды. Халықаралық «Пони» сайысына 1-сыныптан 4 оқушы қатысып, 1 оқушы жүлдегер атанды. 2-сынып бойынша 5 оқушы қатысып, 2 оқушы жүлделі I орынды иеленді. 3-сынып бойынша 2 оқушы қатысып, 2 оқушы I орынды иеленді. 4-сынып бойынша 5 оқушы қатысып, 3 оқушы жүлдегер атанды.

2020-2021 оқу жылында

Мақсаты:

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;
- Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика-психологиялық кеңістігінде баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;
- Жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;
- Баланы жан-жақты мәдениетті, қазақ халық педагогикасы қағидаларына бағыттап, алдыңғы қатарлы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу;
- Ақпараттандыру құралдарын кеңінен қолдану.

Міндеттері:

- Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып толық, сапалы білім алуға жағдай жасау;
- Оқушының бойында адамгершілік, Отансүйгіштік, ұлтжандылық, өзін-өзі қадірлей алатын, өзіне талап қоя алатын қасиеттерге және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу;
- Шығармашылық еңбек ететін мұғалімдермен тәжірибе алмасу үшін шығармашылық топтар, пән лабораториясын ұйымдастыру;
- Оқу-тәрбие үрдісіндегі диагностика мен мониторинг жүйесін жетілдіру;
- Оқушылардың жалпы мәдениеттілік бағытын күшейту;
- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін анықтау.

2020-2021 оқу жылында зерттеу сабақтарын жүргізу жоспар бойынша жүргізілді. Зерттеу топтары құрылды. Оқушылар таңдалып, зерттелді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде кей сыныптарда білім сапасы артты. Мысалы, 2019-2020 оқу жылында 9-сыныптың білім сапасы 43,7% болса, 10-сыныпта білім сапасы 77,7 %-ға көтерілді. 8-сыныпта білім сапасы 53,8,3% болса, 9-шы сыныпты аяқтағанда 54% болды. 7-сынып оқушыларының білім сапасы 45,4%-дан 50%-ға көтерілді. 5-сынып оқушыларының білім сапасы 45,3%-дан 47%-ға көтерілді. 4-сынып оқушыларының білім сапасы 63,1%-дан 68,4%-ға көтерілді. Бұның барлығы жүйелі жұмыстың нәтижесі. Сонымен қатар, оқушыларымыз шығармашылық және интеллектуалдық конкурстардан жеткілікті орындарға ие болды. Негізгі математика, қазақ тілі, жаратылыстану пәндері бойынша

өткен «Ақ бота» интеллектуалды марафонына белсене қатысып, 16 оқушы ІІ, ІІІ дәрежелі дипломның иегерлері атанды. Қыркүйек айының 25 жұлдызында жалпы білім беретін мектептердің 9-10 сынып оқушылары арасында жас тарихшылардың "Менің кіші Отаным" атты ІІІ республикалық интеллектуалдық конкурсының аудандық кезеңі бойынша «Менің туған өлкем» номинациясына белсене қатысып, ұшқыр қиялы мен терең білімін көрсете білгені үшін 9-сынып оқушысы Жәнібекқызы Ақнұр жүлделі ІІІ орынды, Кенжебай Шапағат жүлделі ІІ орынды иеленді. Жетекшісі- Жумағазиева Гаухар Акановна.

2020 жылдың қараша айында өткен «Пони-әлемді ашады» халықаралық интеллектуалды сайысына даярлық топ, 2-4 сынып оқушылар қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың ІІ кезеңіне (аудандық) қатысуға мектепшілік кезең қорытындысы бойынша 8 оқушы жолдама алып, ақпан айының 8-11 аралығында ІІ кезеңіне (аудандық) қатысты. Қорытындысы бойынша:

1. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша Кенжебай ІІІ 8кл ІІ орын Жетекшісі: Султанова Г.Н

2. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша Айтқали Е ІІІ 8кл ІІ орын Жетекшісі: Абдраимова Г.Ж

Облыстық «Қазақстан және Елбасы» атты дебат турниріне белсенді «Дебаттық креатив» номинациясымен Серікбаева Нұрилла және Рамазанова Аяна Мақтау қағазы 2020 жыл

Диплом «BilgenBaige» ұлттық білім сайысының 4-ші Республикалық кезеңінде «Білімді» атағын (2-орын) 1-сынып оқушысы Таңжарбаев Арсен, 4-сынып оқушысы Инабат Жеңіс «Ақылды» атағын (3-орын), 3-сынып оқушысы Ғабит Әли «Ақылды» атағын (3-орын), Сансызбай Құралайға «Білімді» атағын (2-орын) берілді. Облыстық «Құсайынов олимпиадасы» Өтеген Б ІІ орын, Бекбергенова Н ІІІ орын иеленді

«Ақтөбе-Дарын» ӨҒТҚББ бастауыш сынып оқушыларына арналған Республикалық «Бастау» атты математикалық құрама-топтық олимпиадасының аудандық кезеңінде үздік нәтиже көрсеткендер үшін «Жалын тобы» Бекбергенова Н, Мырзахан М, Тлеккабылова Д топ құрамы жүлделі ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Жангазиева У.Б

Орыс тілі пәні бойынша Халықаралық «Русский медвежонок-языкознание для всех» атты сайысында 6 оқушы жүлдегер атанды.

2021-2022 оқу жылында

Мақсаты: Оқушылардың білім, білік, дағды көрсеткіштерінің сапасын артыру және тәрбиелеу.

Міндеттер:

1. «Білім туралы Заң » мен «Білім берудің» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты жұмысты жалғастыру.
2. 1- 11 сыныптарды жаңартылған мазмұнда оқумен қамтуды жүзеге асыру;
3. Білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағытары бойынша педогогтің кәсіби құзыретілігін артыру жөніндегі жұмыстарды жандандыру: білім беру мазмұнын жаңарту, үш тілді білім беру, инклюзивті білім беру, сондай-ақ педагогикалық білім беруді жаңғырту;
4. Озық педагогикалық тәжірибелерді насихатау және тарату үшін әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік семинарлар, кеңестер өткізу
5. Оқушылардың функционалдық құзіретілігін қалыптастыру мақсатында оқытудың тиімді әдістері мен жаңа технологияларды қолданатын педагогтардың жұмыстарын тәжірибеге енгізу;
6. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың шығармашылық қабілетерін анықтау және дамыту, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы
7. Педагогикалық жүйедегі барлық субъектілерді диагностикалық жұмыстарын жүзеге асыру;

8. Оқу-тәрбие үрдісінде заманауи әдістері мен технологияларды енгізу жұмысын жандандыру, педагогтардың білім берудің жаңашыл технологияларын игеруіне жағдай жасау;
9. Жас мұғалімдердің білім-біліктілігін жетілдіру курстарынан, жаңа курстан өту уақыты біткен мұғалімдерді жаңартылған мазмұнда оқыту бойынша перспективалық жоспарға сәйкес кесте бойынша білім жетілдіру курстарына жіберу;
10. Мектепшілік бақылау жұмыстарын сапалы жүргізу;
11. Оқу кабинеттерінің жүйелендірілуін жетілдіру. Сертификаталған кабинеттердің санын арттыру;
12. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру, жүйелеу;
13. Білім беру сапасын артыру мақсатында оқушының білім деңгейінің мониторингін анықтау;
14. Тәрбие берудің 8 бағытын талапқа сай орындау; осы жылдың жетістіктерін жазу

Нәтижесінде:

Сонымен қатар, оқушыларымыз шығармашылық және интеллектуалдық конкурстардан жеткілікті орындарға ие болды.

«Ұшқыр ой алаңы» мәдени-білім беру аясында «Болашақ және жастар» атты аудан мектептері арасында аудандық пікірсайыс турнирінде ««Үздік талпыныс» номинациясы бойынша Дипломды ораторлар Дауылбайқызы З, Рамазанова А иеленді.

Жалпы білім беретін мектептер арасында 9-11 класс оқушыларына арналған аудандық пәндік олимпиадасында география пәнінен жоғары білім көрсеткені үшін 11-класс оқушысы Тынышқалиұлы Диас марапатталды 1 орын, облысқа жолдама алды. Жетекшісі: Өтеп Ә.С.

Сонымен қатар осы олимпиадада қазақ тілі пәнінен Рамазанова А 10-сынып I орын, облысқа жолдама алды Жетекшісі: Кулекешова А.А, математика пәнінен Амангелдіұлы Е I орын, облысқа жолдама алды Жетекшісі: Мамбеталин Ж.Т

Орыс тілі пәнінен Кенжебай Ш III орын, жетекшісі: Султанова Г.Н, қазақ тілі пәнінен II орын, Кеңес М III орын, жетекшісі Утепова М, осы олимпиадада география пәнінен Абылова Т мақтау қағазы, Дауылбайқызы З III орын жетекшісі, Өтеп Ә.

Облыстық «Жерлестер жаңғыры» поэзия байқауы II орын Русланқызы Гүлсезім, Сәуірбаев Дәурен, 2021 жыл. Аудандық «Жамбыл оқулары» III орын Алтайқызы Жанна, 2021 жыл Республикалық «Ақберен» байқауының аудандық кезеңінде «Эссе» жазу бағыты бойынша III орын Рамазанова Аяна 2021 жыл, аудандық пәндік олимпиада қазақ тілі пәні бойынша I орын Рамазанова Аяна облысқа жолдама, 2021 жыл, Облыстық «Дарынды шәкірт-білікті ұстаздан» III орын Есенаман А, 2021 жыл, Жоба қорғау «Зерде» байқауының аудандық кезеңі II орын Рамазан А, Ғабит Ә II орын, 2021 ж., «Зерде» облыстық кезең III орын Рамазан А, Ғабит Ә II орын 2021 ж

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 жұмыс оқу жоспарлары тексерілді.

2017-2018 оқу жылында **1,2-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы;

- 3-4,6,8-11-сыныптар ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, алпы орта білім беру) мемлекеттік

жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің» үлгілік оқу жоспары;

- **5,7-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалаы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»; /

- «2017-2018 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017.-368 б (2017 жылғы 21 сәуірдегі №5 хаттама) басшылыққа алынды.

2018-2019 оқу жылында **1,2,3-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы;

- **4,9,10-11-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, алпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің» үлгілік оқу жоспары;

- **5,6,7,8-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалаы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

- «2018-2019 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018.-372 б (2018 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттама) басшылыққа алынды.

2019-2020 оқу жылында **1-4-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;

- **5-9-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;
- **10-сынып** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) үлгілік оқу жоспары;

- **11-сынып** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 үлгілік оқу жоспары;
- «2019-2020 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.-440 б (2019 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттама) басшылыққа алынды.

2020-2021 оқу жылында **1-4-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 6- қосымшасы;

- **5-9-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 16- қосымшасы;
- **10-11-сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 120- қосымшасы;
- **Үйден оқыту** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 9- қосымшасы, 19- қосымшасы
- «2020-2021 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Нұр-Сұлтан қ.:Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020.-331 б басшылыққа алынды.

2021-2022 оқу жылында **1-4 сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 23 тамыздағы № 415 бұйрығының 1-қосымшасы;

- **5-9 сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 23 тамыздағы № 415 бұйрығының 6-қосымшасы;
- **10-сынып** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 100-қосымшасы;
- **11-сынып** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 415 бұйрығының 31-қосымшасы,
- **Инклюзивті оқыту** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 9-қосымшасы;
- **Үйден оқыту** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 9-қосымшасы.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2017-2018 оқу жылында 1-2 сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы №266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен» күнтізбелік жоспар құрылып, пәндер бойынша базалық мазмұн игерілді.

3,4,6,8-11 - сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5,7-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

«Жолда жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта жүргізілді, тақырыбы мен мерзімі сынып журналының жеке бетіне жазылды.

1-4 сыныптар – әр сыныптар 6 сағат;

5-8 сыныптар- әр сыныпта 10 сағаттан өткізілді;

Жолда жүру ережелері оқу курсы бойынша сыныптың қағаз түріндегі журналы электронды журналмен қатар жүргізілгендіктен жолда жүру ережелері қағаз журналдың соңғы беттеріне жазылды.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» кіріктірілген оқу бағдарламасы міндетті оқыту қамтамасыз етілді.

Осыған байланысты «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсын оқыту:

- 1-4 сыныптарда «Дүниетану» пәні аясында;
- 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» пәні аясында;

10- сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» пәні аясында жүзеге асырылды.

Жолда жүру ережелері, Өмір қауіпсіздігінің негіздері оқу курсы бойынша сыныптың қағаз түріндегі журналы электронды журналмен қатар жүргізілгендіктен жолда жүру ережелері, Өмір қауіпсіздігінің негіздері қағаз журналдың соңғы беттеріне жазылды.

2018-2019 оқу жылында 1,2,3 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы №266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен» күнтізбелік жоспар құрылып, пәндер бойынша базалық мазмұн игерілді.

4,9,10-11 - сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5,6,7,8-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

«Жолда жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта жүргізілді, тақырыбы мен мерзімі сынып журналының жеке бетіне жазылды.

1-4 сыныптар – әр сыныптар 6 сағат;

5-8 сыныптар- әр сыныпта 10 сағаттан өткізілді;

Жолда жүру ережелері оқу курсы бойынша сыныптың қағаз түріндегі журналының соңғы беттеріне жазылды.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» кіріктірілген оқу бағдарламасы міндетті оқыту қамтамасыз етілді.

Осыған байланысты «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсын оқыту:

- 1-4 сыныптарда «Дүниетану» пәні аясында;

- 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» пәні аясында;
- 10- сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» пәні аясында жүзеге асырылды. Жолда жүру ережелері, Өмір қауіпсіздігінің негіздері оқу курсы бойынша сыныптың қағаз түріндегі журналы электронды журналмен қатар жүргізілгендіктен жолда жүру ережелері, Өмір қауіпсіздігінің негіздері қағаз журналдың соңғы беттеріне жазылды.
- Зайырлылық қағидасы құндылық, яғни мемлекет тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету мақсатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы 9-сыныпқа аптасына 1 сағат,
- Қазақстандық білім беру реформасы бағыттарының бірі бәсекеге қабілетті білім беру кеңістігін құруға бағытталған жалпы орта білім деңгейіндегі бейінді оқыту болып табылады. Осыған сәйкес жоғары сыныптар жаратылыстану- математика бағыты бойынша оқытылды. 10 – сыныпқа мектеп компонентінен 1 сағат далалық оқу жиынында өткізілетін 30 сағат есебінде өткізілді. «Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері» 10,11- сыныптарда «Технология» оқу пәнімен кіріктіру арқылы оқытылды.

2019-2020 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

11 - сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 10 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптар үшін «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде 10 сағат, 5-9 сыныптар үшін «Дене шынықтыру» оқу пәнінің шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 15 сағат, 10-11 сыныптар үшін «Алғашқы әскери дайындық» оқу пәнінің шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 25 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен оқытылу іске асырылды.

- «Жолда жүру ережелер» оқу курсының мазмұнын 6 сағат көлемінде сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімі көрсетіле отырып іске асырылды. Зайырлылық қағидасы құндылық, яғни мемлекет тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету мақсатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы 9-сыныпқа аптасына 1 сағат, -Қазақстандық білім беру реформасы бағыттарының бірі бәсекеге қабілетті білім беру кеңістігін құруға бағытталған жалпы орта білім деңгейіндегі бейінді оқыту болып табылады. Осыған сәйкес жоғары сыныптар жаратылыстану- математика бағыты бойынша оқытылды. 10 – сыныпқа мектеп компонентінен 1 сағат далалық оқу жиынында өткізілетін 30 сағат есебінде өткізілді. «Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері» 10,11- сыныптарда «Технология» оқу пәнімен кіріктіру арқылы оқытылды.

2020-2021 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін

пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

10-11-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығына оқу бағдарламаларымен оқытылды.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптар үшін «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде 10 сағат, 5-9 сыныптар үшін «Дене шынықтыру» оқу пәнінің шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 15 сағат, 10-11 сыныптар үшін «Алғашқы әскери дайындық» оқу пәнінің шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 25 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен оқытылу іске асырылды.

- «Жолда жүру ережелер» оқу курсының мазмұнын 6 сағат көлемінде сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімі көрсетіле отырып іске асырылды. Зайырлылық қағидасы құндылық, яғни мемлекет тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету мақсатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы 9-сыныпқа аптасына 1 сағат, -Қазақстандық білім беру реформасы бағыттарының бірі бәсекеге қабілетті білім беру кеңістігін құруға бағытталған жалпы орта білім деңгейіндегі бейінді оқыту болып табылады. Осыған сәйкес жоғары сыныптар жаратылыстану- математика бағыты бойынша оқытылды. 10 – сыныпқа мектеп компонентінен 1 сағат далалық оқу жиынында өткізілетін 30 сағат есебінде өткізілді.

2021-2022 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен 1-қосымша бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 28 тамыздағы №372) оқу бағдарламаларымен оқытылуда.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілген).

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылады.

10- сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына оқу бағдарламаларымен оқытылады.

11-сынып Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптар үшін «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде 10 сағат, 5-9 сыныптар үшін «Дене шынықтыру» оқу пәнінің шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 15 сағат, 10-11 сыныптар үшін «Алғашқы әскери дайындық» оқу пәнінің шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 25 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен оқытылу іске асырылды.

- «Жолда жүру ережелер» оқу курсының мазмұнын 6 сағат көлемінде сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімі көрсетіле отырып іске асырылды. Зайырлылық қағидасы құндылық, яғни мемлекет тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету мақсатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы 9-сыныпқа аптасына 1 сағат,
- Қазақстандық білім беру реформасы бағыттарының бірі бәсекеге қабілетті білім беру кеңістігін құруға бағытталған жалпы орта білім деңгейіндегі бейінді оқыту болып табылады. Осыған сәйкес жоғары сыныптар жаратылыстану- математика бағыты бойынша оқытылды. 10 – сыныпқа мектеп компонентінен 1 сағат далалық оқу жиынында өткізілетін 30 сағат есебінде өткізілді.

б) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

10-11 сыныптар жаратылыстану-математика бағытында оқытылады.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқыту мақсатында

2019-2020 оқу жылында 10-сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында 10-сынып оқушылары тереңдетілген деңгейден физика және биология пәндерін, стандартты деңгейден Құқық негіздері пәнін таңдады. Физика- 4 сағат, биология - 4сағат, құқық негіздері - 2 сағат оқытылды.

2020-2021 оқу жылында 10-сынып оқушылары тереңдетілген деңгейден биология мен география пәнін, стандартты деңгейден Құқық негіздері пәнін таңдалып, география - 4 сағат, биология - 4сағат, құқық негіздері - 2 сағат оқытылды.

11-сынып оқушылары 2019-2020 жылы таңдаған тереңдетілген деңгейден физика мен биология пәнінен және стандартты деңгейден Құқық негіздері пәні таңдалып, физика - 4 сағат, биология - 4сағат, құқық негіздері - 2 сағат оқытылды.

2021-2022 оқу жылында 28.08.2021 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен 11-сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 31-қосымшасы (жоғары саты) негізінде білім алуда. Тереңдетілген деңгейде оқушылардың өздерінің 2020-2021 оқу жылында таңдаған пәндері: биология, география 4 сағат көлемінде оқытылады. Стандартты деңгейде құқық негіздері пәні 2 сағат оқытылады. Сонымен қатар , вариативті бөлімнен **«инвариантты компоненттен таңдау пәндері»** -не берілген 4 сағат келесі пәндерге берілді: физика-1 сағат, химия -1 сағат, география-1 сағат, дүниежүзі тарихы-1 сағат, кәсіпкерлік және бизнес негіздері-1 сағат, графика және жобалау

7) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);

2017-2018 оқу жылында 2- оқушы инклюзивті оқыды.

1-сынып оқушысы Есқали Нұрдәулет диагнозы «ДЦП» жеңілдетілген бағдарламамен оқытылды.

7-сынып оқушысы Сүйеуғали Мадина диагнозы «Резидуальная энцефалопатия .Симптоматическая эпилепсия» ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 19 қосымшасына сәйкес үйден оқытылды.

018-2019 оқу жылында 3- оқушы инклюзивті оқыды.

1-сынып оқушысы Ерболатұлы Нұрқанат диагнозы «F70 ,Симптоматическая эпилепсия» ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 9 қосымшасына сәйкес оқытылды.

2-сынып Есқали Нұрдәулет диагнозы «ДЦП» жеңілдетілген бағдарламамен оқытылды,

8-сынып оқушысы Сүйеуғали Мадина «Резидуальная энцефалопатия .Симптоматическая эпилепсия» ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 19 қосымшасына сәйкес үйден оқытылды.

2019-2020 оқу жылында 3- оқушы инклюзивті оқыды.

2-сынып оқушысы Ерболатұлы Нұрқанат диагнозы «F70 ,Симптоматическая эпилепсия» ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 9- қосымшасына сәйкес оқытылды.

3-сынып Есқали Нұрдәулет диагнозы «ДЦП» жеңілдетілген бағдарламамен оқытылды,

8-сынып оқушысы Сүйеуғали Мадина «Резидуальная энцефалопатия .Симптоматическая эпилепсия» ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 19 қосымшасына сәйкес оқытылды.

2020-2021 оқу жылында 4 - оқушы инклюзивті оқыды.

1-сынып оқушысы Өтеген Бекнұр Айбекұлы диагнозы «Атонио-астатическая форма ДЦП» ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 9- қосымшасына сәйкес оқытылды.

3-сынып оқушысы Ерболатұлы Нұрқанат диагнозы «F70 ,Симптоматическая эпилепсия» ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 9 - қосымшасына сәйкес оқытылды.

4-сынып Есқали Нұрдәулет диагнозы «ДЦП» жеңілдетілген бағдарламамен оқытылды,

9-сынып оқушысы Сүйеуғали Мадина «Резидуальная энцефалопатия . Симптоматическая эпилепсия» ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 19 қосымшасына сәйкес оқытылды.

2021-2022 оқу жылында 3 -оқушы инклюзивті оқыды.

2-сынып оқушысы Өтеген Бекнұр Айбекұлы диагнозы «G80 4F-83ОЛР Атонио-астатическая форма ДЦП» ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 9 -қосымшасына сәйкес оқытылды.

4-сынып оқушысы Ерболатұлы Нұрқанат диагнозы «F70-0 ,Симптоматическая эпилепсия» ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 9- қосымшасына сәйкес оқытылды. № 415 бұйрықтың 7 тарауы бойынша сыныпта оқу жоспары құрылды.

5-сынып Есқали Нұрдәулет диагнозы «ДЦП» жеңілдетілген бағдарламамен оқытылды.

Сүйеуғали Мадина

Жылы	Класы	Пәні	Мұғалімі	МЖМБС	Оқу бағдарламасы
2017-2018	6	Қазақ тілі	Жарбакиева Г	ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, алпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары
		Қазақ әдебиеті	Жарбакиева Г		
		Математика	Майқанов А		
		География	Өтеп Ә		
		Биология	Есенгазина Г		
		Ағылшын тілі	Құсайынова Н		
		Орыс тілі	Султанова Г		
		Орыс әдебиеті	Султанова Г		
		Қазақстан тарихы	Көпбаев Е		
Дүние жүзі тарихы	Көпбаев Е				
2018-2019	7	Қазақ тілі	Утепова М	ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш негізгі, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары.
		Қазақ әдебиеті	Утепова М		
		Математика	Омарова І		
		География	Өтеп Ә		
		Биология	Есенгазина Г		
		Ағылшын тілі	Құсайынова Н		
		Орыс тілі	Султанова Г		
		Орыс әдебиеті	Султанова Г		
		Қазақстан тарихы	Жұмағазиева Г		
Дүние жүзі тарихы	Жұмағазиева Г				
2019-2020	8	Қазақ тілі	Утепова М	ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш негізгі, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы
		Оқу және сөйлеуді дамыту	Утепова М		
		Математика	Омарова І		
		Орыс тілі	Султанова Г		
		Жаратылыстану	Өтеп Ә		
		География	Өтеп Ә		
		Тарих	Жұмағазиева Г		
		Әлеуметтік тұрмыстық бағытталу	Жұманғалиева Г		
		Түзету дамыту	Ниязова Г		
2020-2021	9	Қазақ тілі	Утепова М	ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017
		Оқу және сөйлеуді дамыту	Утепова М		
		Математика	Омарова І		
		Орыс тілі	Султанова Г		

		Жаратылыстану	Өтеп Ә	,негізгі, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» » (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)	жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы
		География	Өтеп Ә		
		Тарих	Жұмағазиева Г		
		Әлеуметтік тұрмыстық бағытталу	Жұманғалиева Г		
		Түзету дамыту	Ниязова Г		

Ерболатұлы Нұрқанат

Жылы	Класы	Пәні	Мұғалімі	Стандарт	Оқу бағдарламасы
2019-2020	2	Қазақ тілі	Аужанова Д	ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»	ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы №266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен
		Әдебиеттік оқу	Аужанова Д		
		Математика	Аужанова Д		
		Орыс тілі	Аужанова Д		
		Айналаман танысу	Аужанова Д		
		Қол еңбегі	Аужанова Д		
2020-2021	3	Қазақ тілі	Аужанова Д	ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасы»
		Әдебиеттік оқу	Аужанова Д		
		Математика	Аужанова Д		
		Орыс тілі	Аужанова Д		
		Айналаман танысу	Аужанова Д		
		Қол еңбегі	Аужанова Д		
		Түзету дамыту	Ниязова Г		

Өтеген Бекнұр

Жылы	Класы	Пәні	Мұғалімі	Стандарт	Оқу бағдарламасы
------	-------	------	----------	----------	------------------

2019-2020	1	Қазақ тілі	Кенжебай М	ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»	ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы №266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен
		Әдебиеттік оқу	Кенжебай М		
		Математика	Кенжебай М		
		Орыс тілі	Кенжебай М		
		Айналадағы әлем	Кенжебай М		
		Қол еңбегі	Кенжебай М		
		Танымдық әрекеттерін түзету	Ниязова Г		
2020-2021	2	Қазақ тілі	Аужанова Д	ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасы»
		Әдебиеттік оқу	Аужанова Д		
		Математика	Аужанова Д		
		Орыс тілі	Аужанова Д		
		Айналадағы әлем	Аужанова Д		
		Қол еңбегі	Аужанова Д		
		Танымдық әрекеттерін түзету	Ниязова Г		

8) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінеді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9-11 сыныптарда) таңдау курсы оқытылды.

-10-сыныпта 1 сағат «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» қосымша оқу-жаттығу жиындарын өтуге берілді.

Бастауыш 1-2-3-4 және 5,6,7 сыныптарда, вариативті компонент сағаттары негізгі сабақ кестесіне кіргізіліп оқытылды. 8.9.10,11 сыныптарда сенбі күнгі сабақ кестесінде оытылды.

2017-2018 оқу жылында вариативті компонентесебінен төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы
1	Мектеп компоненті	<i>Логикалық информатика элементтері бар математика</i>
1	Мектеп компоненті	<i>Көркем жазу</i>
2	Мектеп компоненті	<i>Қызықты грамматика</i>
2	Оқушы компоненті	<i>Сиқырлы сандар сыры</i>

3	Мектеп компоненті	<i>Сиқырлы сандар</i>
3	Мектеп компоненті	<i>Грамматикалық елінде</i>
3	Мектеп компоненті	<i>Бабалар даналағы</i>
3	Оқушы компоненті	<i>Табиғатты аялайық</i>
4	Мектеп компоненті	<i>Грамматикалық елінде</i>
4	Мектеп компоненті	<i>Бабалар даналағы</i>
4	Мектеп компоненті	<i>Арналы бұлақ асыл сөз</i>
4	Оқушы компоненті	<i>Табиғат менің өз үйім</i>
5	Мектеп компоненті	<i>Дыбыстар құпиясы</i>
5	Мектеп компоненті	<i>Абайтану</i>
5	Мектеп компоненті	<i>Қазақстан тарихынан ұлы тұлғалар туралы деректер</i>
5	Оқушы компоненті	<i>MS Word мәтіндік редакторының мүмкіндіктері</i>
6	Мектеп компоненті	<i>Мұқағалитану</i>
6	Мектеп компоненті	<i>MS Word мәтіндік редакторының мүмкіндіктері</i>
7	Мектеп компоненті	<i>Өлкетану</i>
7	Оқушы компоненті	<i>Химияның тарихы</i>
8	Мектеп компоненті	<i>Тіл мәдениеті</i>
8	Мектеп компоненті	<i>Табиғат адамзаттың өмір нәрі</i>
8	Мектеп компоненті	<i>Speaking English</i>
8	Оқушы компоненті	<i>Газдардағы электр тогы</i>
9	Мектеп компоненті	<i>Бүкіл әлемдік тартылыс заңы</i>
9	Мектеп компоненті	<i>Экологияның даму кезеңдері</i>
9	Мектеп компоненті	<i>Зайырлылық және дінтану негіздері</i>
9	Оқушы компоненті	<i>Абайтану</i>
10	Мектеп компоненті	<i>Абайтану</i>
10	Мектеп компоненті	<i>Қазақ тілі сабақтарындағы грамматиканы тереңдетіп оқыту</i>
10	Мектеп компоненті	<i>English speaking countries</i>
10	Мектеп компоненті	<i>Саптық адым қозғалыс кезіндегі бұрылу</i>
10	Мектеп компоненті	<i>Айнымалы ток</i>
10	Мектеп компоненті	<i>Цитология негіздері</i>
10	Оқушы компоненті	<i>Химия және тамақтану</i>
11	Мектеп компоненті	<i>Қазақстан тарихына хронологиялық талдау</i>
11	Мектеп компоненті	<i>Фбайтану</i>
11	Мектеп компоненті	<i>Елтану</i>
11	Мектеп компоненті	<i>Биология ғылымы теориялық зерттеулер</i>
11	Мектеп компоненті	<i>Электромагниттік тербелістер</i>
11	Мектеп компоненті	<i>Функциялар және олардың қолданылуы</i>
11	Оқушы компоненті	<i>Экологиялық химия</i>

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсын міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9-11 сыныптарда) таңдау курсы оқытылды.

-10-сыныпта 1 сағат «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» қосымша оқу-

жаттығу жиындарын өтуге берілді.

Вариативті компонент сағаттары бастауыш сыныптарда және 5-10 сыныптарда негізгі сабақ кестесіне салынды, 11 сыныптың кейбір сағаттары негізгі кестеге және сенбі күніне қойылды.

2018-2019 оқу жылында вариативті компонентке төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Көркем жазу</i>
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Логикалық информатика элементтері бар математика</i>
2	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Поэзия баспалдағы</i>
2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ойнайық та, ойлайық</i>
3	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Табиғат таңғажайыптары</i>
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Шешендік өнер</i>
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Қызықты математика</i>
4	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Математика әлеміне саяхат</i>
4	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Табиғатты зерделейік</i>
4	Таңдауы бойынша сабақтар	<i>Ақпарат негіздері</i>
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	<i>Ғылымға жол</i>
5	Элективті курстар	<i>Сөз сыры</i>
5	Элективті курстар	<i>Астрофизика</i>
5	Жеке және топтық консультациялар	<i>English Grammar</i>
6	Элективті курстар	<i>Ұлы саяхатшылар</i>
6	Элективті курстар	<i>Мұқағалитану</i>
6	Элективті курстар	<i>Қызықты математика</i>
6	Жеке және топтық консультациялар	<i>English Grammar</i>
7	Элективті курстар	<i>Сөз өнері</i>
7	Жеке және топтық консультациялар	<i>English Grammar</i>
8	Элективті курстар	<i>Теңдеулер әлемі</i>
8	Элективті курстар	<i>Адам және табиғат</i>
8	Жеке және топтық консультациялар	<i>Физикадағы әдістер және эксперимент</i>
9	Элективті курстар	<i>Зайырлылық және дінтану негіздері</i>
9	Элективті курстар	<i>Абайтану</i>
9	Элективті курстар	<i>Сөз таптарының қолданысы</i>
9	Жеке және топтық жұмыстар	<i>Бүкіл әлемдік тартылыс заңы</i>
10	Мектеп компоненті	<i>Абайтану</i>
10	Мектеп компоненті	<i>Тілдік норма және стиль</i>
10	Мектеп компоненті	<i>Саптық қозғалыс кезінде бұрылу</i>
